

**«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Бекітілді

«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті»
КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімі
« 12 » мамыр 2023 жылғы № 3 хаттама

**«Сәкен Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы**

Е Р Е Ж Е С І

Астана қ. – 2023 жыл

**«Сәкен Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі
туралы ереже**

1. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес және 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 ҚР Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ереже негізінде әзірленді.

2. Осы Ереже «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының комплаенс-қызметінің мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

1 тарау. Жалпы ережелер

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

б) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган-Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

3. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ – да үш штаттық бірліктен – басшыдан және екі комплаенс-офицерден тұратын құрылымдық бөлімше құрылады, оның негізгі міндеті университетте оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызмет атқарушы органға, «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ лауазымды адамдарына қарамастан өз өкілеттігін жүзеге асырады, Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен біріктіруге жол берілмейді.

2 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің іс-әрекетінің негізгі мақсаты «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ мен оның қызметкерлерінің Қазақстан

Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-ның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу және алдын ала сақтандыру құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;

2) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету;

5) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

9. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттар басшылыққа алынады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет іс-әрекетінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) ішкі құжаттарды, соның ішінде:

- квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясатын;

- квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулықты;

- квазимемлекеттік сектор субъектісінде мүдделер қақтығысын анықтау және шешудің ішкі саясатын;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын;

- квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжатты және квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

2) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады.

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ бірінші басшыларының бірлескен шешімімен жүзеге асырылатын «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін мониторингті және оларды митигациялау мен жою бойынша қабылданатын шараларды жүзеге асырады;

6) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген адамдардың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және орындалуына мониторинг жүргізеді;

12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ сыйлық беру және алу мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

14) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе тексеру жүргізу тәртібін айқындайтын құжаттарға сәйкес оларға қатысады;

16) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің тиісті ақпаратын тыңдайды;

19) Басқарма Төрағасы-Ректорға анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ өз қызметінің ерекшеліктеріне қарай, мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мүдделер қақтығысына әкеп соқпаған жағдайда, сәйкестікке, іскерлік этикаға, тұрақты дамуға және басқаларға қатысты басқа да функцияларды орындайды.

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара бірлесіп әрекет етеді;

22) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында өзге де қызметті жүзеге асырады;

11. Заңнамада белгіленген тәртіп бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мынадай өкілеттіліктері бар:

1) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінен, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мен материалдарды «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ ішкі құжаттарымен реттелетін бекітілген тәртіпте сұрауға және алуға";

2) комплаенс-қызметтің құзыретіне жататын мәселелерді Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізу үшін бастама көтеруге;

4) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге;

5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберуге;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға;

7) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы үшін, не болмаса, «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында ақпараттандыру арналарын, сенім телефонын 8(7172)380-370 құруға өкілеттілігі бар;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктер.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі заңнамада белгіленген тәртіп бойынша:

1) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ мен оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтауға;

2) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

3) Директорлар кеңесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы дер кезінде хабардар етуге;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлауға;

5) «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

6) қызметтік және кәсіби этика талаптарын сақтауға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға тиісті.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлері:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатыспауға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіруші ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатыспауға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ ішкі құжаттарына қайшы келетін өзге де жолмен пайдаланбауға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзбауға;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және қызметтерді пайдаланбауға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатыспауға тиісті.

3 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің іс-әрекетін ұйымдастыру

14. Директорлар кеңесінің шешімімен штат кестесіне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау жүзеге асырылады және олардың өкілеттік мерзімі, жалақысының мөлшері және еңбекке ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттармен айқындалады және оларды «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Ректоры бекітеді.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлерін іріктеу критерийлеріне мыналар жатады:

- 1) өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың болмауы тиіс;
- 2) соңғы 3 жыл ішінде әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаның болмауы керек;
- 3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін соттылықтың болмауы керек;
- 4) жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі, ұйым қызметінің бейіні бойынша не сабақтас салаларда жұмыс тәжірибесі болған жағдайда өзге де жоғары білімі болуы қажет;
- 5) біліктілік емтиханын тапсыруды көздейтін комплаенс саласындағы кәсіби ұйымдар беретін сертификаттардың болғаны жөн;
- 6) ICA International Diploma in Governance Risk and Compliance, ICA Professional Postgraduate Diploma in Governance Risk and Compliance секілді шетелдік кәсіби сертификаттарының немесе сол сияқты сертификаттарының болғаны жөн;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс қимыл саласында жұмыс тәжірибесінің болғаны жөн;
- 8) квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында немесе осы ережеде көзделген функцияларды жүзеге асыруда жұмыс тәжірибесінің болғаны жөн;
- 9) комплаенс және этика мәселелері бойынша ішкі құжаттарды, стандарттарды, саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ комплаенс-рәсімдер, тергеулер, этика және комплаенс саласындағы есептілікті қалыптастыру шеңберінде бизнес-процестерді мониторингілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, тергеу жүргізу бойынша тәжірибесі мен дағдыларының болғаны жөн.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің біліктілік талаптары лауазымдық нұсқаулықтарда не Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Ректоры бекітетін өзге де құжаттарда белгіленеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлеріне «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы тиіс.

21. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ басшылығы:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуі, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі керек;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің әкімшілік (ұйымдастыру-техникалық) қамтамасыз етуді, оның ішінде оның қызметіне қажетті мүмкіндіктерді, активтер мен ресурстарды, сонымен қоса ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және басқа да тауарларды, жұмыстарды, қызметтері қамтамасыз етуді де жүзеге асыруы керек;

3) белгіленген тәртіп бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің іс-әрекеттері, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылары мен құзыреттері мәселелері бойынша оқуға және сертификат алуға мүмкіндіктер беруі қажет.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелерімен өзара бірлескен іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен әдептілікке негізделі отырып құрылады.

«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

1) осы Ереженің 14-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен тәртіп бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу арқылы жәрдемдеседі.

4 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есеп беруі

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қабылданған ақпаратты «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпаратты «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-ға жібереді.

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Директорлар кеңесінің алдында мерзімді есеп береді.

5 тарау. Қорытынды ережелер

25. Егер қолданыстағы заңнамада, корпоративтік басқару практикаларында, халықаралық стандарттарда осы Ережеден өзге де айрықша талаптар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастырудың тәсілдері көзделген жағдайда, «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі бекітетін басқа да талаптарды айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.